

Мақала

FTAMP 16.21.47

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-100-110>**А.И. Сейтимова¹, Е.Е. Түйте², Savaş Şahin³**

¹автор-корреспондент, докторант, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды қ., e-mail: sejtimova_a@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды қ., e-mail: eldos_t_e@mail.ru

³философия докторы (PhD), профессор, Акдениз университеті, Түркия, Анталия қ., e-mail: savassahin@akdeniz.edu.tr

ҚҰСБЕГІЛІК КӘСІБІНЕ ҚАТЫСТЫ АТАУЛАРДЫҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Құсбегілік және саятшылық дәстүрлі қазақ қоғамында үлкен рөлге ие. Бүгінде тарихи ескерткішке айналған халқымыздың төл өнері жайлы деректер түркілердің VI-VII ғасырдағы жазбаларынан бастау алған. Өткенімізге көз жүгіртіп, тарих беттерін ақтарар болсақ, онда, ең алдымен, Тұран даласын, жалпы түркілердің қара шаңырағы атанған қазақтың кең даласын мекен еткен көшпенділер өміріне тоқталамыз. Көшпенділер десек, көз алдымызға жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркіт келері сөзсіз.

Зерттеудің мақсаты – салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы құсбегілікке қатысты атаулардың пайда болу тарихын ашу. Тілдік бірліктерді бір-бірімен салыстыра отырып, олардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін анықтау. Мақалада көшпелі қазақ елінің құсбегілік өнерінің тарихи қыр-сыры жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар қазақ тіліндегі тақырыпқа қатысты тілдік қолданыстардың өзіне тән табиғаты, көркемдік нақышы, бағалауыштық сипаты, коннотациясы анықталған. Саятшылықты, құсбегілікті кәсіп еткен халық артынан келешек ұрпаққа өшпес мұра қалдырды. Яғни, саятшылық ең алғаш көшпенділерден шыққан деген тұжырымға тоқталамыз. Ол туралы өз жазбаларында Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, М. Әуезов сынды т.б. ғалымдар атап көрсеткен. Халық ауыз әдебиетінде құсбегілік жайлы аңыз-әңгімелер, өтірік өлең, ертегі, миф секілді әдебиет жанрлары қалыптасып, тарихпен сабақтаса отырып, бүгінгі күнге мұра болып бізге жеткен. Сол арқылы қазақ тіл білімінде құсбегілікке, саятшылыққа ғана тән тілдік бірліктер қалыптасқан. Құсбегілікке қатысты атаулар – ұлт пен ұлысқа ортақ заңдылық. Сол себепті де бұл тілдік бірліктердің сипаты әлем тілдерінде әралуан аспектіде зерттеліп келеді.

Тірек сөздер: құсбегілік, саятшылық, түркілер, халық, фольклор, этимология.

А.И. Сейтимова¹, Е.Е. Түйте², Savaş Şahin³

¹автор-корреспондент, докторант, Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, Казахстан, г. Караганда, e-mail: sejtimova_a@mail.ru

²кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, Казахстан, г. Караганда, e-mail: eldos_t_e@mail.ru

³доктор философии (PhD), профессор, Университет Акдениз, Турция, г. Анталия, e-mail: savassahin@akdeniz.edu.tr

НАИМЕНОВАНИЯ, СВЯЗАННЫЕ С ПРОФЕССИЕЙ КУСБЕГИ, В ТЮРКСКОЙ КАРТИНЕ МИРА

Аннотация. Кусбеги и сокольничество играют большую роль в традиционном казахском обществе. История оригинального искусства нашего народа, ставшая сегодня историческим памятником, восходит к тюркским писаниям VI и VII веков. Если мы оглянемся в прошлое и прочтем страницы истории, то, в первую очередь, остановимся на жизни кочевников, населявших Туранскую степь, обширную казахскую степь, которая стала отчим домом тюрков в целом. Если говорить о кочевниках, то мы обязательно увидим лошадей, кумай тазы, орла. Люди, которые занимались ремеслом, связанным с обучением ловчих птиц на охоте и охотой с ловчими птицами, оставили немеркнущее наследие будущим поколениям.

Остановимся на выводе о том, что занятие, связанное с обучением ловчих птиц на охоте, впервые возникло у кочевников. Об этом писали в своих трудах Ч. Валиханов, А. Марғұлан, С. Муканов, М. Ауэзов и другие ученые. На протяжении истории в народной литературе относительно занятия охотой с ловчими птицами складывались такие литературные жанры, как легенды, басни, сказки и мифы, дошедшие до настоящего времени в качестве наследия. Благодаря этому в казахском языкознании сформировались языковые единицы, относящиеся к занятию, связанному с обучением ловчих птиц для охоты и охотой с ловчими птицами. Наименования слов, относящиеся к обучению ловчих птиц – явление, присущее всем языкам и этносам. Поэтому природа этих языковых единиц

изучается в разных аспектах мировых языков. В статье всесторонне рассмотрены исторические особенности искусства обучения ловчих птиц на охоте кочевыми казахами. При этом определена специфика, художественная картина, оценочная характеристика и коннотация языковых словоупотреблений в казахском языкознании. Всесторонне представлены с научно-теоретической и практической точки зрения проблемы исследования наименований, относящиеся к обучению ловчих птиц.

Ключевые слова: кусбеги, сокольничество, тюрки, народ, фольклор, этимология.

A.I. Seitimova¹, Y.Y. Tuite², Savaş Şahin³

¹Corresponding author, Doctoral student, Karaganda Buketov University, Kazakhstan, Karaganda, e-mail: sejtimova_a@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Karaganda Buketov University, Kazakhstan, Karaganda, e-mail: eldos_t_e@mail.ru

³Doctor of Philosophy (PhD), Akdeniz University, Türkiye, Antalya, e-mail: savassahin@akdeniz.edu.tr

THE APPEARANCE IN THE TURKS WORLD OF NAMES RELATED TO THE PROFESSION OF TRAINING OF TRAPPING BIRDS

Annotation. The training of trapper birds and hunting with them holds significant importance in traditional Kazakh society. Data about the original art of our people, which today has become a historical memorial, can be traced back to the writings of the Turks from the 6th to 7th centuries. When delving into our past and exploring historical records, our attention naturally gravitates towards the lives of the nomadic communities dwelling in the Turan steppe, particularly the expansive Kazakh Steppe, often referred to as the "black shanyrak" of the Turks. When considering Nomads, the initial images that spring to mind often involve a swift horse, a nimble greyhound, or a golden eagle. Those who engaged in the training of birds of prey for hunting purposes have left an enduring legacy that resonates through generations to come. Indeed, our focus rests on the assertion that the practice of training birds of prey for hunting originated among nomadic communities. Such scientists as Sh. Ualikhanov, A. Margulan, S. Muqanov, M. Auezov and others indicated this in their works. In folk oral literature, such literary genres as legends-stories, tall tales, fairy tales, myths about the training of hunting birds have developed, which have gone down in history and have come down to us to this day. Consequently, within Kazakh linguistics, specific linguistic elements have evolved uniquely, solely associated with the training of birds of prey and the art of falconry. The nomenclature related to the training of birds of prey represents a phenomenon that is common across various ethnic groups and languages. Therefore, the characteristics of these linguistic units are examined from various perspectives across different languages worldwide. The article examines in detail the historical intricacies of the art of training trapping birds of the nomadic Kazakh country. Moreover, within Kazakh linguistics, the characterization, artistic representation, evaluative nature, and connotation of linguistic expressions are defined and studied. Detailed exploration is conducted within scientific, theoretical, and practical realms concerning the study of nomenclature associated with the training of birds of prey.

Keywords: qusbegi, falconry, Turks, people, folklore, etymology.

Кіріспе

Құстар түркі және де басқа халықтардың өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөл атқарады. Түркі тектес халықтардың фольклорында құстарға байланысты ауыз әдебиет үлгілері өте көп. Көне түркілік Көк тәңірі ұғымы турасында құстар киелі саналады, *аспан әлемінің иесі, қанаттылардың төресі, әлемнің елшісі* саналады. Тіпті кей деректерде *бүркіт, көгершін, самұрық* секілді құстар төрелікті, билікті сипаттайды делінген. Алғырлығымен, қырағылығымен көзге түсетін қыран құс ұлттың, этностың символына айналған. Ту-байрақтарда, рәміздерде құстардың бейнесі бағзы заманнан жиі көрінетін болған. Ұлт пен ұлыстың ойлау қабілеті мен көзқарасын тануға ықпал ететін сөздер мен сөз тіркестерінің тобы осы құсбегілікке, саятшылыққа байланысты атауларда өте жақсы көрініс тапқан. Ата-бабаларымыз қыран құсты, бүркітті аса қатты құрметтеген. Көне түркілер өз заманында тәңір жарылқаушысының киесі, иесі ретінде осы құс деп білген. Күні бүгінге дейін ел арасында осы ұғымның ұмытылып қалмауына ықпал жасаған. Қасиетті ұлы таным, түйсік ретінде қабылдаған.

Қазақ халқының ауыз және жазба әдебиетінде аңшылықтың қыр-сырын меңгерген адамды – *аңшы* (аңды аулайтын адам), *аңкөс* (аң аулардағы шебер кісі, оған тең келері жоқ), *қусбегі* (қанаттыларды түрге, топқа бөле алушы, қыран құстың шебері), *бүркітші* (бүркітті баптай алатын, ұстай алатын адам) және *қағушы* (бүркітшілерге жәрдем ете алатын адам) деп атаған. Жоғарыда аталғандар аң аулаудың айла-шарғыларын (ор қаза отырып аулау, ұшпалардан ұшырып аулау, қарға омбылатып аулау, тасқақпанмен, тормен, құмқақпанмен, тұзақпен ұстау,

құспен, итпен қуу, түтін, жемтік салу, мұзға отырғызу т.б.) өте жақсы меңгерген.

Адамзат баласы жер бетінде алғаш пайда болған кезден қоршаған ортаға, табиғатқа, ауа райына бейімделуге талпыныс жасаған. Күнкөріс қамымен о бастан табиғаттағы әртүрлі жабайы жеміс-жидекті теріп жей бастаған. Уақыт өте келе аң-құс аулауды, сойып жеуді, пісіруді үйренді. Дала мәдениеті мен әдебиетінде сақталып келе жатқан құнды жәдігерлер – осының дәлелі. Әсіресе тасқа «қашалған» аң-құс аулаудағы бейнелер соның айғағы тәрізді.

Аңшылық, саятшылық – адам баласы игерген ең көне, ең алғашқы табыс, тамақ көзі болғанымен, жылдар өте келе адамзат игерген кәсіптің бір түріне айналған. Орта ғасырдың аяғына дейін шаруашылықтың бір түріне айналған.

Мұхтар Әуезов аңшылықтың қыр-сыры жайында: «Саятшылықтың үміті, қуанышы көп. Жанып тұрған оттай қызулы заманы көп мағыналы өмір. Саятшылықта адамзат баласын ақын күйіне жеткізетін сезім күйі көп. Бұл – салқындап кеткен кәрі ақылдың өмірі емес, сүйген ғашығынды сағынып келіп, күліп-ойнап өткізген күндіз-түніндей ыстық сезім, өмір. Аң аулап жүріп өткен бірнеше минуттың ішінде қуанатын да, қайғыратын да тылсым күшті басынан кешіреді. Сол себепті де аңшының тілі шешен келеді, қиялы жүйрік болады. Қыран құстың ұшу өнеріне, қу түлкінің ұстамақ болған айласына, саятшының қимыл-әрекетіне арналған талай көркем тіркестер бар. Аңшылық өмірінен ілгері-соғыдан қалған талай қызықты, жанды, сұлу әңгімелер көп» (Әуезов, 2014: 151). Расымен де құсбегілік, саятшылық – түсіне білген жанға адамды керемет деңгейге жеткізетін өнер. Әрі халықтың көне өнерінің жемісі. Сал-серілердің қуанышы, дүйім жұрттың ермегі ғана емес, кие тұтар құндылығы болып қала береді.

Материал және әдістер

Зерттеудің материалы ретінде құсбегілік кәсібіне байланысты жазылған этнографиялық еңбектер мен тіл біліміндегі осы салаға қатысты тұжырымдар іріктеліп, зерттеулер жүргізілді, көне түркі және бергі заман ескерткішіндегі материалдар, сөздіктер пайдаланылды. Мақаланы жазу барысында құсбегілікке қатысты сөздердің пайда болу, қалыптасу тарихын, сонымен қатар басқа елдердегі, соның ішінде түркі халықтарындағы бұл кәсіптің көрінісін ашып көрсету мақсатында салыстыру, талдау, жинақтау, жүйелеу әдістері, тілші, тарихшы ғалымдардың тұжырымдарын саралау, оларды түйіндеп қорыту әдістері қолданылды. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі этнолингвистика және лексикология саласындағы ресейлік және қазақстандық ғалымдардың ғылыми бағыттағы әзірлеген еңбектері болды. Тілдегі бүгінгі өзгерістер қарастырылып, лексикалық жүйелердің жиынтығы сарапталды.

Әдебиетке шолу

Қазақ этнограф-ғалымдары арғымақтың, қыран бүркіттің, құмай тазының қадір-қасиетіне, болмысына жеке-жеке тоқталып, олардың саятшылықтағы ерекше орны туралы мол зерттеулер ұсынып келеді: С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Ж. Бабалықұлы, А. Тұрдыбаев, Б. Кәмелашұлы, А. Тоқтабай, Х. Алтай, С. Қасиманов, О. Оралбаев, А. Сейдімбеков, Н. Қазыбеков, Ә. Нүркеев, Ә. Доспамбетов, Ғ. Нұрпейісов, Б. Мүптекеқызы, Б. Хинаят т.б. Әдебиетшілердің арасында алғашқылардың бірі болып М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, М. Сильченко, Н. Смирнова, С. Сейфуллин, Е. Ысмайылов және т.б. қалам тартқан.

Саятшылық, аң аулап, құс салу өнері – өте ертеден келе жатқан ата кәсіп. Бұған қатысты сөздер мен сөз тіркестерін, олардың этимологиясына қатысты түсініктерді көне түркі ескерткіштер тіліне байланысты сөздіктерден, атап айтқанда, М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігінен», В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий», С.Е. Маловтың «Памятники древнетюркской письменности» т.б. еңбектерден кездестіруге болады. Демек, құсбегілік өнері түркі халықтарының атакәсібі болған, сол арқылы тіліміздің сөздік құрамы толығып отырғандығына көз жеткіздік. Құсбегілік кәсібіне қатысты жазылған зерттеу еңбектері тілімізде санаулы. Ал лингвистикалық тұрғыдан талдау бойынша бірлі-екілі мақалалар болмаса жоқтың қасы. Атап айтар болсақ, Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік)», А. Айтмұқашованың «Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика» еңбектерінен құсбегілікке қатысты қолданыстардың тілдік ерекшеліктері мақаламызда қарастырылды. Осы саладағы негізгі еңбектер қатарына Б. Кәмелашұлының «Қазақтың дәстүрлі құсбегілігі және атбегілігі» (Алматы: Өнер, 2006), С. Кенжеахметұлының «Жеті қазына»

(Алматы: Ана тілі, 2001, 2006, 2007) т.б. жатқызуға болады. Ә. Марғұлан, С. Кенжеахметұлы, Т. Әлішеров, К. Күркебаевтың, Б. Хинаят, Қ. Исабековтің, А. Сейдімбектің еңбектерін, Е. Қонысбайұлының «Қазақтың құсбегілік өнерінің ерекшеліктері», Е. Түйтенің «Құсбегілікке байланысты кейбір кәсіби сөздер», Е. Жүнісқановтың «Қазақтың құсбегілік өнері», А. Сейтимованың, Е. Түйтенің «Құсбегілік кәсібіне байланысты кейбір сөздердің шығу төркіні» мақалаларын негізге ала отырып, жыртқыш құстарды баптауға байланысты қолданылатын атаулар іздестіріліп, олардың мағынасын ашуға талпыныс жасалады. Сонымен қатар қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, этимологиялық сөздік, орыс тілінің түсіндірме сөздіктері, этнографиялық зерттеулер және т.б. пайдаланылды. Әр халыққа тән атаулар жинақталып, оларға анықтама берілді және мысалдармен нақтыланды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ тілінде құсбегілікке арналған өлеңдер, жырлар, аңыз-әңгімелер көп. Қазақтың осы киелі өнерінен шабыт алған кең даланың біртуар ұлдары Біржан сал, Ақан сері, Қанапия т.б. бұл өнерді ерекше өте жоғары деңгейде жырға қоса білді. Сонымен қатар қазақ құсбегілігіне қатысты арнайы еңбектер мен нақты деректерді Абайдың, Б. Майлиннің, С. Мұқановтың, Ә. Марғұланның, Ж. Бабалықұлы мен Ж. Тұрлыбаевтың, Б. Қыдырбекұлының, А. Сейдімбектің, А. Құралұлының, Б. Хинаят пен К. Исабековтің және т.б. кездестіруге болады. Мысалы, оған ұлы Абай атамыздың өлеңдеріндегі «*Тоятталған бүркіттей салқы төсті*», «*Қандыкөз қайқаң қағып шықса аспанға*», «*Қансонарда бүркітші шығады аңға*», «*Бүркітші тау басында, қағушы ойда*», «*Қыран бүркіт не алмайды салса баптап*» деген ұлттық тілдік ұғымдарды атап айтуға болады. Абай құсбегіліктің ішінде бүркітке баса назар аударған:

«Құсты жисаң, – бүркіт жи

Қыс тоныңды түлкі етер.

Бұлғын, сусын киінтіп,

Азбас, тозбас мүлкі етер» (Марғұлан, 2007: 58).

Шығыс халық ауыз әдебиетінде аңыз-ертегі жанры бар. Феникс, сенмурв, грифон, самұрық, шойынқара т.б. аңыз-ертегілерінде «*арыстан денелі, бүркіт басты*» деп сипатталатын құбыжық құстар туралы ақпарат өте көп кездеседі.

V Баһрам гур V ғасырда Сасанид патшасы болған екен. Оның бос уақытында айналысатын сүйікті ісі сұңқармен аң аулау болғандығын тарих беттерін ақтарғанда аңғаруымызға болады. Патшаның бірнеше сұңқары болған көрінеді. Сонымен қатар бір жиында қытайлықтар оған сұңқарды сыйға берген. Патшаның хандық белгісі (таңба) ретінде ақсұңқар бейнеленген. Еуропаға жасаған жойқын жорықтарында қолданған қару-жарақтар мен қалқандардан тек осы құстың бейнесін көруге болады. Сұңқаршылық кәсіптің екі мың жылдық тарихы Ежелгі Қытайдан бастау алған. Бұл айғақ VI ғасырдың қойнауында. Соның дәлелі Лианг әулеті (502-577 жж.) заманында мұрагердің бірі тазымен бірге үйретілген сұңқарды қырғауылға салған деген. Дәл осындай ақпарат ежелгі Парсы, Эллада, Үнді халықтарында көптеп кездеседі. Тіпті Жапон жылнамасында (720 жылдары) Нихон Шохи император қыран құс баптаған. Бос уақытында құстарын жиі аңға салуға тырысатын болған.

Батыс жұршылығында да құсбегілік, саятшылық жақсы дамыған. Эпикалық жыр «*Нибелунга туралы жырда*» Кримгильд патшайымның сүйікті сұңқары болғаны айтылады. Жыр соңында патшайым құсынан айрылып қалып, қатты қайғырады. Патшайымның құсын екі су бүркіт өлтіріп тастаған көрінеді. Ал әйгілі Сигурд жырында бір үлкен тырнаны екі ақсұңқар жарысып талайды. Ғұндардың Бургундиялықтарды жаулап алған кезінде де ақсұңқар құс ерліктің, батырлықтың символына айналғанын бірі білсе, бірі білмес. Еділ (Атилла) Батыс ғұндарының қолбасшысы бола отырып, қандай жорыққа шықса да өзімен бірге ақсұңқар құсын алып жүретін болған. Құстың бейнесін өз таңбасына айналдырған.

Көне Мысырдың XVIII династиясы дәуірінде, яғни б.д.д. 1580-1350 жылдары жазылған магиялық мәтіндер арасындағы бір кестеде басына томағаға ұқсас «бірдеңе» кигізілген, тұғырға ұқсас бөрене үстінде отырған, қарақұйрық жотасына «қонған» бір қатар сұңқардың бірнеше бейнесі салынған. Мысырлықтарда сұңқар патшалық биліктің рәмізі, Хорус құдайының бейнесі, иероглиф таңбасы орнына жүрді. Түркия жеріндегі Богаз қап қалашығы қиратындылары

арасынан саздан жасалған барельефте 107 бірі қолына сұңқар ұстаған (балақ бау тәрізді бауы төмен салбыраған), қолдарына шабатын қару ұстаған екі жігіт бейнеленген. Ескерткіш б.з.д. XIII ғасырдікі, хеттер мәдениетінікі, сұңқаршылықтың 3300 жылдық тарихын көрсетеді. Ал Саргон II патша заманындағы (б.з.д. 722-705 жылдары) Ассирия барельефінде осыған ұқсас деректер бейнеленген ескерткіш Лувр музейінде сақтаулы (Бабалықұлы т.б. 1983: 97). Бұлардан шығатын қорытынды сұңқар ұстаушылардың ежелгі мекені туралы мағлұмат береді. Адамзат тарихындағы аңшы құстарға қатысты заттық айғақ б.з.д. 2400 жыл бұрын Месопотамия жерінен Нойон ула тауынан табылған атақты ғұн қазынасы арасындағы кілем, сырмақтарда тауешкіге түсіп жатқан жыртқыш аңның айқасы, Есіктегі сақ обасынан табылған «Алтын адам» қазынасының жәдігерлерінде дәл сондай көріністі бейнелеген алтын тоға – Орта Азиялықтарда аушы құс культінің аса көнеден келе жатқандығының айғағы.

Көне түркі дәуірінде, ескерткіштерден қыран құстың бейнесін көре аламыз. Тас мүсіндерде сұңқар құстың түрлі бейнелері бар.

Айталық:

- 1) құс бейнесі Күлтегінде бар;
- 2) құс бейнесі Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінде, тас қорғанда қашалып, күні бүгінге дейін сақталған;
- 3) құс бейнесі Алтын тамған тархан бітіктасында бар. Ата-бабаларымыз қыран құстарын құрметтегені соншалық, оларды тас мүсіндердің ең жоғары жағына, үлкен махаббатпен, аса жауапкершілікпен еш артық қимылсыз, шебер суреттей білген;
- 4) құс бейнесі Күллі-чүр ескерткіш кешенінің тас қоршауында бар;
- 5) құс бейнесі Жетісу тас мүсінінде де көркем суреттелген.

Аңшылық, саятшылық туралы деректер алғаш VI-VII ғасырларда түркілердің жазбаларынан көрініс берген. Ол жазбаларда хандардың, биліктегі тұлғалардың қаншалықты құсты жақсы көретіндігі айтылған. М. Қашқари, Рашид ад-Дин, Қ. Жалайырдың еңбектерінен құсбегілік жайлы мәліметтер көре аламыз.

Күлтегін жырында Күлтегіннің құс салып, аңға шығатын сәті баяндалған. Ол туралы ғалым Т. Зәкенұлы Күлтегін жайлы жазылған «Мәңгітас» атты еңбегінде былай дейді:

«Қапаған қаған жанына Күлтегін мен ағасы Бәрі Оғыланды ертіп Өтүкеннің кең төскейін сауырлап, артынан қосшыларын ертіп, саят құрып шыққан еді... Бұл далада баспаған жері, бармаған елі қалмаған Қапаған үшін өз өлкесінде, ұйық мекенінде ит жүгіртіп, құс салып, ұзақты күн ат үстінде саят құрғаннан артық қуаныш жоқ-ты», – дейді (Әбілғазы, 1992: 106).

Көк аспанның иесі саналатын құс барлық қосқанаттылардың төресі ретінде кей деректерде көрініс тапқан. Көктің иесі бола тұра, әлем елшісіне айналған. Тек әлем елшісі ғана емес, сонымен бірге Тәңірлік ұғымды сипаттаушы бірден бір символ. Аспан короліне айналған бұл құстарды *самұрық, бүркіт, көгершін* деген секілді топтарға бөлеміз. Демек, көне түркі тектес халықтардың наным-сенімі бойынша ел басқару, ел билеу тікелей көк аспанмен байланысты. Ал Тәңір жарылқаушысы құстарға ерекше кие берген. Біз оған қарсы келмеуіміз керек деген пікірде болған. Соның ішінде қыран құстың қырағылығы мен алғырлығын ерекше қастерлеп, биліктің рәмізі ретінде көшпелілер ту-байрақтарын да қыран құстардың бейнесімен әшекейлеген.

Аушы (аңшы, аң алатын) саятшылыққа салатын құс немесе жеңіл түрде тек *құс* деп атауға болады. Бұл түркі халықтарында құсбегілікпен айналысатын адамдардың өзара қарым-қатынасындағы күнделікті қолданылып жүрген сөздері.

Түркі тіл біліміндегі «құс» атауының этимологиясына көз жүгіртетін болсақ, атаудың ілік тұлғасы ескі түрік тіліндегі *qut* «құт» болып, одан тілдік даму заңдылығымен *құт>quis* болып өзгергенін аңғаруға болады. *Құт* тұлғасы *құс, құр, қыр+ғи, құз+ғұн, қаз, сұң+қар, кез+құйрық* т.б. атаулардағы ұқсас құрылымдармен түбірлес, тектес, осы тілдік өріске «құс, қос, қыз, қыр+қын» т.б. сөздері де төркіндес. Басқаша айтқанда, осы атаулардың морфемалық мағынасы «екі, қос, жұп қанатты» дегенді білдіреді. *Қыр+ан, қыр+ғи, қар+ға, қар+шыға, қар+лығыш, қыр+ғауыл, сұң+қар* деген атауларындағы *қар, қыр* тұлғалары да осы *құт, құс* түбірлерімен ұқсас дүниелер.

Ә. Баһадүрдің «Шежіре-и Түрк» туындысында Оғыз қаған аңызы жайлы сөз болады. Оның

жиырма төрт ұл немересі болған. Әрқайсысы құс асыраған, ол құстарды өз таңба-белгілері ретінде пайдалана отырып, қырандарының аттарын ерекше құт, құс танымымен жалғаған. Мысалы, шежіреде аталатын құстардың атауы: *сұңқар, күйгенек, көбек сары, тұрымтай, қыр-ғұ, қыз+ыл, қар+жығай, көж+ген, жере+лажын, сарыша, баһари (қарға), су бұр+кіт, ала тұғанақ, бұғдайнақ, құмай, енчары, йағалбай, біқұ, қар+шығай, ителғұ, тұйғын, чере+қарчығай* (Әбілғазы, 1992: 129).

Яғни, тіліміздегі *қырғи* о баста *қыр+ғұ, қаршыға – қар+жығай, лашын – ла+жын, ителгі – ителғұ* болса керек.

М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің жинағы» (Диуани лұғат-ат түрік) сөздігінде «*ым білсе ер өлмес*» деген сөз бар. Мұның себебін Қашқари былай түсіндіреді. Соғыс уақытында көшбасшылар өз жауынгерлеріне өз ойын жасырын айтпақ болғанда, ым белгілері ретінде қару-жарақ немесе құс аттарын қолданған.

Құсбегіліктің түркілерде өте жақсы дамығандығына М. Қашқаридың мына өлеңі тағы бір дәлел:

*...Құлан киік аулатып,
Тамаша қылып қуансам,
Асауды мініп тулатып,
Итке киік қайыртып,
Ұстап соны бір тынысам,
Аңға барып құс салам».*

Философиялық ойдың көрінісі Махмұт Қашқари тілін барынша жан-жақты зерттеген қазақстандық ғалым Д. Кенжетай: «Түркі тілінің байлығын көрсетуде, сонымен қатар көне түркі дүниетанымынан, әдет-ғұрпы мен салт-санасынан хабардар беру мақсатында ғалым саятшылық жайлы көп қалам тербеген», – деген пікірді айтады.

Әлемнің төрт бұрышын мойындатқан көне түркілердің атадан балаға қалған құнды мұрагерлері дүйім түркі жұртшылығының болмысын ашады. Қарапайым халықтың дүниетанымын береді. Уақыт пен кеңістікті игерудің құпияларын ашады. Осы орайда рухани және материалдық құндылық жүйесін сипаттауда, айшықтауда М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» энциклопедиялық еңбегінің рөлі ерекше (Хинаят т.б. 2007: 78).

Тоныкөк ескерткіштерінде құсбегілікке, жыртқыш құс атауларына қатысты теңеу, метафора, аллегория, гипербола, эпитет, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер жиі қолданылады. Жырда Түрік қағанатының күш қуаты артып, жері барынша кеңіді, ел тұрмысы түзелді дегенді төмендегіше суреттейді:

*Ол кезде құл-құлды болған еді,
Күң-күңді болған еді,
Інісі ағасын білмес еді,
Ұлы әкесін білмес еді,
Жауымыз түгел жыртқыш құстай еді,
Біз жемтік едік.*

VIII ғасырдағы «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштеріндегі әрі XI ғасырдағы «Диуани лұғат-ат түрік» ескерткішіне кірген ауыз әдебиеті үлгілерінде бергі дәуірде қазақ поэзиясын құраған сөз үлгілерінен шешендік сөз, шешендік толғау сөз, мақтау (ода) мазмұндас жоқтау-арнау өлең түрлері кездеседі. Олардың көбінде батырды сипаттау мақсатында «бүркіттің образы» алынған. Мәселен, «Күлтегін» жырында «*бек ердім*», «*алп туран*», «*кыранпен*», «*куч кул тутуқ*» деген тіркестер кездеседі. Мағынасы: *мен қыранмын, алыпқа ұшамын* деген ұғымды береді (Әбілғазы, 1992: 114).

«Қабуснаме» еңбегі күллі түркі дүниесінің алтын кітабы десек, артық айтқандығымыз емес. Еңбек 1032-1083 жылдар аралығында жазылған. Аталған туындының бір тарауында құсбегілік туралы толық жазылған ақпарат берілген. Осы еңбекте «*салбурын*» сөзіне анықтама беріледі. Салбурын – *құс салу, топпен саят құру* деген мағынада берілген. Араб тілінде *салбурын* – «түлкі», «ұрын», қазақ тілінде «тығылу, жасырыну» дегенді білдіреді. Сонда «жасырынған түлкіні аулап алу» деген түсінікті беріп тұр. Белгілі ғалым К. Юдахин осы сөзге «топтаса отырып

аңға шығу» деп анықтама береді. Сөз саптауда моңғол тілінде толық мағынасы бар *золбирах* – «кезбелікке салыну, қаңғыру, үй-күйсіздікке ұшырау, жақын адамдарынан оқшаулану», *салбар*, *салбарлах* – «бөліну, бөлектену, топтану» секілді бірліктер септігін тигізеді.

Мұхаммед Бабыр «Бабырнама» еңбегінде туған жерінің табиғатын көркемдеп суреттеу, қанық портреттер мен көркем пейзаж беру мақсатында *құсты* бейнелеп көрсеткен: *мұнда құстар әлді, аңға шықса он-оңай олжасын баса алады. Жайылымдағы қырғауылдың семіздігіне адам наңғысыз»,* – деген пікірді айтады. «Бабырнама» еңбегінің екінші бөлімі «Кабул» деп аталады. Осы бөлімде «Сұлтан Құсмұрын төренің әкімдері» деп аталатын тақырыбында былайша көрсетіледі: *«Бұрындық туралы айтсақ, ол білгір, ұлы басшы болатын. Қыран құс салуды жаны сүйетін. Егер қолаңсыз жағдай орын алып, төренің құстарының бірі жоғалса, не өлген болса, ол ұлдарының аттарын атап: «құсым жоғалғанша, қыршындардың неге желкесі үзілмейді»,* – деп зарланатын. Сонымен қатар осы бөлімде Жалайыр (Жалайыр Шора) қазақ құсбегілерінің пірі екендігі де айтылады.

Марко Поло өзінің күнделігінде құсбегілікке қатысты қызықты деректер жазады: «Көшпенді түркі халықтарында құстар өте көп. Көбісі сұңқар. Олар құстарын құрметтейтіндері соншалық, қанаттыларды оң қолдарына отырғызады. Сұңқарлардың мойындарына жіңішке қайыс тағатын болған. Ол құстардың кеудесінде үнемі салбырап тұратын».

Тарихи даму барысында өркениеттің кең қанат жаюы, әсіресе әртүрлі құрал-жабдықтардың көбеюі құсбегілік өнердің өрісін тарылтты. Бұл өнер жалпы көшпенділерге тән ортақ өнер болса да, бүгінде жойлып барады. Қазіргі таңда бұл өнерді дәріптеушілер – қазақтар және қырғыздар. Тарихта әйгілі «Жеті жарғы» ата заңының болғанын бәріміз білеміз. Дәл осы заңда құсқа арнап жазылған бір сөйлем бар. Ол былай делінген: «Егер адамзат баласы үйретілген, яғни аңға салып жүрген итті немесе құсты өлтірген болса, ол адам қатаң жазалануы мүмкін. Яғни, зардап шеккен құстың немесе иттің иесі бір күң немесе құл сұрай алады».

XIX ғасырда Төрт би төре Түркістанның Шығыс аймағында үстемдік еткен көрінеді. Ол өз заманында *«Абақ керей жарғысын»* жаздырған. Бұл жарғыда қазақ халқының өмір сүру нормалары көрсетілген. Осы заңда: «Құс ұясын кімнің ауласына салса, құстың балапандары сол адамдікі. Аңшының қанжығасы майланса және ол дер кезінде табысын қанжығасына байламаса, қасына өзінен жасы үлкен адам келген жағдайда, ол сол кісіге бермесе, айыппұл төлейді», – деп көрсеткен. Бұдан шығатын қорытынды, қазақ халқы аңшылық, саятшылық, құсбегілік өнерді қатты құрметтеген. Тіпті арнайы заңдар мен жарғылар шығарған. Қыран құсқа байланысты мұндай мәртебе тек біздің елде ғана жақсы дамыған. Яғни, қазақтар құмай тазы мен жүйрік атты қалай жақсы көрсе, құстарды да дәл сол деңгейде көре білген.

Қырғыздар арасында да құсбегілікке қатысты қара сөз, мақал-мәтел, айшықты теңеу, ажарлы сөз орамдары бар:

*Қуш төрөсү Буудайық,
Төш этинен ойду ошол,
Боор етине тойду ошол,
Көзүнө қанын куйганда,
Тапка келип қалды ошол.*

Түркілер, оның ішінде қазақтар бүркітті ерекше қастерлеп құрметтесе, қырғыздар да дәл солай пір тұтқан. Қазақтар Жалайыр Шораны құсбегілердің пірі деп білсе, қырғыз халқы Тінейді кереметке ие Сарықұстың иесі деп білген. Тіліміздегі *«Тінейдегі қасиет – ұялас екен Сарықұспен, Шорадағы қасиет – ұялас екен бар құспен»* деген сөз орамы осыдан қалса керек. Және де ел аузында тасбауыр жандарға байланысты айтылған *«Тінейдің Сарықұсындай, өзіңе-өзің шеңгел сал»* деген мәтел бар. «Құсың түлкі алса – бүркіт, алмаса – шүршіт» деген тіркес те қырғыздар арасында кең тараған.

Халқымыздың ортасында осы ұлы ұғымның төңірегінде қыран бүркітке қатысты толып жатқан ырым-тыйымдар бекем орын алып, қазақи салт-дәстүрлер болып біржола қалыптасқан. Ауылға бүркіт ұстап әкелгенде *«Бүркіт қонды, бас аман, мал өседі, жақсылық болады»* деген тіркестер тілімізде пайда бола бастаған. Бүркіттің иығына үкі тағатын дәстүр бар (Мұқанов, 2002: 187). Бүркітші алған түлкісін ең алдымен қағушыға байлайтын салт бар. Қазақтың дәстүр-

салтында ауылға бүркітшілер келіп қонса, «ырыс, береке келді» деп үлкен құрмет көрсетсе, түсінде бүркітті көруді «басқа бақыт, байлық оралды» деп жақсылыққа жорыған. Бүркіттің тұла бойы тұнып тұрған қасиет, *бүркіт бір сілкінсе, бір пәле кетеді* дейтін *тәмсіл сөз* де бар. Қазақ құсбегілерінің тағы бір ерекшелігі *құсбегі, бүркітші, қағушы, салбуырын, сонар, тілеу, тілек, шырға, айну* секілді көптеген атау сөздері бүгінгі күнге дейін өз жалғасын тапқан. Күлтегінде: «Тілімізде тек бүркіттің ғана 200-ден аса атауы бар: *шегір, іш жарғыш, бұқатана, жаудыркөз, шомбал, жанбауыр шөгел, жарық, жемсау т.с.с.*», – деп көрсеткен. Бүркіт мекен ететін тауларды *Бүркіт тау, Бүркіт шың, Қиян ұя* десе, қыран, бүркіттей өжет, алғыр болсын деп ырымдап, *Құсбек, Бүркітхан, Тастүлек* т.б. деп бүркітке қатысты ат қойған (Күлтегін. Тоныкөк, 2001: 76).

Осы орайда ғалымның аңшылық, құсбегілік жайлы жазбалары этноспен тікелей қарым-қатынаста екенін байқатады. Ғалым Ә. Қайдар: «Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігінің, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар», – деп, этно-лингвомәдениеттанымдық негізде қарастырады. Антропоцентристік парадигма аясында қазақ тіл білімінде фразеологизмдер мен паремеологизмдерді академик Ә. Қайдар негіздеген «Адам-Қоғам-Табиғат» контексті аясында зерттеудің нәтижесінде көптеген ғылыми еңбектер өмірге келді. Яғни, біз жоғарыда атап өткен құсбегілікті тіліміздің лексикалық қорының «Табиғат» бөліміне жатқызамыз (Қайдар, 2013: 344).

Этнографиялық әрі фольклорлық материалдарға қарағанда адамның аңға, аңның адамға айналу сенімі бір кездегі аңшылардың, құсбегілердің аң терісін жамылып, жасырынып жүруінен аңға, құсқа ұқсап, соның бар қимыл-қозғалысын салып қайталаудан шыққан секілді.

Құсбегілікке қатысты сөздер мен атаулардың қолданысы көне түркі тілінде баршылық. Осыған қатысты мәселелерді көне түркі тілінің сөздіктерінен көптеп кездестіруімізге болады. Енді солардың кейбіреулеріне тоқталсақ. В. Даль сөздігінде *сонорить* (охотиться на лыжах за дикими козами, открывать след, проследивать, выслеживать зайцев по свежеснежившему осеннему снегу) деген етістікті формалы сөздің сонармен тікелей қатысты екендігін көруімізге болады. Демек, қансонар дегеніміз – «алғашқы қардан кейінгі тым-тырыс уақыт» деген ұғымды білдіреді (Даль, 1905).

В. Радловтың көрсетуі бойынша, қырғыз тілінде сону – жан, адам баспаған қар; ешкім тимеген жер. Якут тілінде сонор // сонун // сонуо // соно – күздегі бірінші жауған қар (кейде сонор хар); ізді байқауға қолайлы жаңа жауған қар; жаңалық, жаңа; сонун – жаңа; сонун қәпсән – жаңа әңгіме; сонун оғо – жаңа туған бала; сонун тыл – жаңа тіл; моңғол тілінде һони(н) – жаңалық хабар; қызықты, тамаша; жаңа, беймәлім, ғажайып, һонинтай – қызықты, мұнда с ~ һ дыбыстары ауысқан (моңғ.) һоно, қаз. сона; ұйғыр тілінде сону – дәп-дәл; қазақ тілінде соны – тың, жаңа. Жоғарыда келтірілген сонар // сонур // сону // соны // сонун // һонин сөздерінің түбірі біреу-ақ, ол сон, ал -ар // -ор // -ур // -у // -ы // -ун // -ин – бұлардың барлығы жалғау-жұрнақтар. Сонда *сон* түбір сөзі «жаңа, тың, алғашқы, бірінші»; «басқаларға қарағанда дұрысы, тәуірі, қолайлысы» деген мағыналарды беретінін байқаймыз (Радлов, 1905).

Қазақ тілінде ерекше қолданыста жүрген «сонар» деген сөз о баста «тыныштық, ең алғаш жауған қардан кейінгі сәт» деген ұғымды білдірген. Қазіргі тіл білімінде бұл сөз «бірінші қар жауғаннан кейінгі аң аулау» деген мағынаны бүркенген. Немесе «ақ ұлпа аппақ қар» деген қате ұғымдар да қалыптасқан.

Біздің ғылымда осы «құс» ұғымына қатыста жаңа термин қалыптасқан. Орнитологияның қарастыратын мәселесі сөз жоқ «құс» төңірегінде болып жатқан «жәйттар». Қазақ тіліндегі құстардың аттары басқа ұлттың құс атауларымен аса ұқсас емес. Көне ұйғыр тіліндегі құстарға қатысты сөздер төмендегідей беріледі:

йүз – құс
күн – торғай
йтуш – ителгі

ерен – сонар
үзгү – қакпа
топлағу – тоқылдақ
тарқанш – тартпа
учуч – құстың балапаны
үч – үш
ба – бапта т.б.

Құстармен тіл табысу, оларды қолға үйрету қазақтардың өркениетке қосқан үлесі. Қазақ үшін әрқашан төрт түлік мал бірінші орында болса, құстарға деген жанашырлық пен бекзадалық та қалыс қалар емес. Құстарда бар қасиет: биіктік, қырағылық, киелілік әр қазақтың бойында бар (Уахатов, 1993: 159). Халық ауыз әдебиеті үлгілері ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер, аңыз-әңгімелер, көркем шығармалар қайсысын алып оқысаңыз да адамдардың құстарға деген махаббатын көре аламыз. Басқа халықтар сияқты қазақ халқының да өзіне тән даму, қалыптасу тарихы бар. Ешбір тайпа, ұлт және халық тарихсыз болмайды. Әрбір халық ұлт болып қалыптасу үшін талай тарихи кезеңдерді басынан өткізеді. Жылдар бойы дамиды, өседі, жетіледі. Осы орайда қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде де ерекше орын алған кәсіп – ол құсбегілік болды. Құстарды саятшылыққа баулып, оларды қолға үйретіп, бірі – құс салып, аң ауласа, екінші бір топ адамдар – құстарға өнер ретінде қараған. Адамзат баласының қолы ұзын емес, бірақ ол құс сала отырып, көздеген мақсатына оңай жетуді үйренген. Құсбегі өзін кей қанатты құсқа теңеген кездер де болған. Сөйтіп, қанатты құстар небір мифтік әңгімелер мен ертегілерге негіз болғаны бізге аян. Құсты қолға үйрету – оңай шаруа емес. Қызықты әрі қиын кәсіппен айналысу оңай болмады әрі «құспен тілдесуге» біраз уақыт керек, көптеген адам сол себепті де құсты армандаса да, оған қолдары жетпей, «қап, әттеген-ай» деп сандарын соқты.

Құсты ұстау – құспен бірдей өмір сүрумен тең. Бүркіт, қаршыға, ителгі секілді құс өте тәкаппар, өте киелі, өте кірпияз, бір уақытта тыныш, кейде өте ашулы болып келеді. Оларда құбылмалы көңіл-күй, сол себепті де көп адам өзінің жеке құсының болғанын армандаса да, оған қолдары жете бермеді.

Лингвистикалық аспектіде әлемді зерттеу мәдени-ақпараттық түсініктің молайғандығын көрсетеді. Лингвомәдени бірлік, лингвомәдени түсінік қалыптасады. Қосқанаттыларға қатысты әртүрлі тілді бедерлеуші нәтижелер пайда болады. Этнос дүниетанымына орай орнитологиялық сөздік қор жаңадан қалыптасқан. Жинақталған сөздік қор арқылы тілімізде көптеген ұғым-түсініктер қалыптасқан. Сөздер мен сөз тіркестерінің мәні, тілдік ерекшеліктері, тарихы мәдени ақпараттарды да береді. Мысалы, қазақтар құстың патшасы деп бүркітті таныған, аққуды сұлулықтың символы деп білген, ұлар – маңғаздық пен кербездікті сипаттайды, қарлығаш – достықтың белгісі, бозторғай – ән мен жырдың бейнесі т.б. (Ел аузынан, 1988: 201).

Көне түркі тілдерінде құсбегілік атауларға байланысты бәрімізге ортақ тілдік бірліктер қалыптасқан. Мәселен, *лашын* – қыран құс. Қаршыға тұқымдасына жатады. «*Қараторғайлардың басына ұя салған қара қарғалар, жұмыртқасын шағып ішетін я балапанын іліп әкететін ителгі, қаршыға, лашын, қарақұстармен төбелеседі де жатады*». «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл сөздің этимологиясы солтүстік түркі диалектісіне жатады. Түркі тілдерінің өздігінде сөз басында, сөз ортасында бұл тіркес келмейді деп жазылған. Тек сөз соңынан көре аламыз. Себебі А. Айтмұқашованың жұмысында *лаш* – «добивать добычу» деп берілген тіркесті көзіміз шалады (Айтмұқашова, 2007: 18). Ал *-ын* болса, ол зат есім тудыратын жұрнақтардың бірі екендігі сөзсіз. Мысалы, *жабын, табын, жалын* т.б.

Жоғарыда көрсетілген осы мысалдан-ақ құстардың адам өміріндегі рөлін айқындауымызға болады. «Құсбегілік лексикасын тілдік тұрғыдан арнайы зерттеудің негізінде халқымыздың өткендегі әлеуметтік-экономикалық өмірінен, ұлттық мәдениеті мен тарихи даму кезеңдерінен құнды әрі мәнді деректер аламыз және қазіргі қазақ тілінің лексикалық қабаттарын анықтауда практикалық және теориялық тұрғыдан маңызы өте зор» (Сейтимова т.б., 2023: 57). Осыдан олардың тілімізге қалай әсер ететінін байқауымызға болады. Белгілі бір тілдің сөз байлығы, оның сөздік құрамы әлденеше замандар бойына қалыптасып, толығып баюынан пайда болған. Жүйесіз тіл болмайды. Ал тіл тұрмыс-тіршіліктен пайда болады. Тіл сөзден тұрады. Сөздер –

табиғаттағы белгілі бір заттық ұғым. Антропоцентристік аспекті мен заттық ұғым егіз десек, бүгінгі біздің зерттеп отырған мәселе, құстардың адамдармен «достығы» ерте заманнан басталған. Құстар адамға дос бола білді, табыс көзі болды, сонымен бірге әлемді бір-бірімен тоғыстырып, көркем әдебиетте әртүрлі «образда» сипатталып, адамзат жүрегінен орын алды.

Қорытынды

Түркі тектес халықтардың мәдениетінде төрт түліктің маңызы қаншалықты жоғары болса, қосқанаттылардың маңызы төрт түліктен бір мысқыл да кем емес екендігін байқауға болады. Тілдік қолданыстарда соңғы кезде аң-құс пен жан-жануарларды мақұлқат деп атау қалыптасқан. Мақұлқат әлемінің үлкен бір бөлігін қанатты құстар иеленген.

Этнос дүниетанымындағы құстар мен құс атаулары туралы тілде құстың сұлулығын, тазалығын, достығын, тәкаппарлығын, өжеттігін, еңбекқорлығын, мықтылығын, ұшқырлығын, алғырлығын т.б. көптеген қасиеттерін суреттейтін небір көркем салыстырулар, метафоралар, тенеулер, айшықты сөз орамдары, мақал-мәтел, тұрақты тіркестер, аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар бар. Антропоцентристік парадигма аясындағы ғылыми зерттеулерде сөздің танымдық табиғатына басымдық беріледі. Осы тұрғыдан келгенде тіл мен этнос, тіл мен табиғат (құс) байланысы – бір-бірінен ажырағысыз құбылыстар. Қорыта айтқанда, құсбегіліктің түркі тектес халықтардың әдебиеті мен тілінде бейнеленуі, өзіндік даралық ерекшелікке ие. Құсбегіліктің түркілер фольклорындағы жағдайын жүйелеп, даралап жинақтау, зерттеу, реттеу әлі де жеткіліксіз. Осы мақсатқа жету барысында біз жоғарыда құстар әлемін лингвистикалық аспектіде зерттеп қана қоймай, оның ұлт мәдениеті мен дүниетанымындағы, тұрмыстық өмірі мен әдет-ғұрпындағы ерекшелігін этномәдени тұрғыдан талдадық.

Әдебиеттер

- Айтмұқашова А.А. (2007) Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика. Филол. ғыл. канд... дисс. автореф. – Алматы, 2007.
- Әбілғазы Б. (1992) Түрік шежіресі. Көне түркі тілінен аударған Б. Әбілқасымұлы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
- Әуезов М. (2014) Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 3-том. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014.
- Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. (1983) Қырандар. – Алматы: Қайнар, 1983.
- Даль В. (1956) Русский толковый словарь. – Москва, Гос. изд. иностранных и национальных словарей, 1956.
- Древнетюркский словарь (1969) – Ленинград: Наука, 1969.
- Ел аузынан (1988) Құрастырушылар: Адамбаев Б., Жарқынбекова Т. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
- Жәңгірұлы Ш. (1986) Алымыр құстар жөнінде // Ғылым және өнер (Үрімжі). – 1986, №4.
- Күлтегін. Тоныкөк. (2001) – Алматы: Өлке, 2001.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (1961) 10 томдық. Жалпы редакциясын басқарған Ысқақов А. – Алматы. Ғылым, 1961.
- Қайдар Ә. (2014) Ғылымдағы ғұмыр. – Т. VI. – Алматы: Сардар, 2014.
- Қайдар Ә. (2013) Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). – II том. – Қоғам. – Алматы. Сардар, 2013.
- Марғұлан Ә. (2007) Саят құстары // Таңдамалы. 2-том. – Алматы: Алатау, 2007.
- Мұқанов С. (2002) Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. – Алматы: Жазушы, 2002.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Санкт-Петербург: Типогр. Импер. Акад. наук, 1905.
- Сейтимова А.И., Түйте Е.Е. Құсбегілік кәсібіне байланысты кейбір сөздердің шығу төркіні // Қарағанды университетінің Хабаршысы. – Филология сериясы. – 2023. – № 2 (110).
- Уахатов Б. (1993) Алтын бастау. – Алматы: Рауан, 1993
- Хинаят Б., Исабеков Қ. (2007) Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы. – Алматы: Алматыкітап, 2007.

Referenses

- Abilgazy (1992) Turik shejiresi. Kone turki tilinen audargan B. Abilqasymuly. – Almaty: Ana tili, 1992 [Abilgazy (1992) Chronicle of the Turks. Translated from the ancient Turkic language by B. Abylqasymuly. – Almaty: Ana tili, 1992] (in Kazakh)
- Aitmuqashova A.A. (2007) Guryptyq folklor leksikasy: idioetnikalyq semantika. Filol. gyl. kand... diss. avtoref. – Almaty, 2007 [Aitmukashova A.A. (2007) Vocabulary of Traditional Folklore: Idioethnic Semantics. Philol. science. kand... diss. abstract. – Almaty, 2007] (in Kazakh)
- Auevov M. (2014) Shygarmalarynyng elu tomdyq tolyq jinagy. – 3-tom. – Almaty: Dauir, Zhibek zholy, 2014 [Auevov M. (2014) Complete fifty-volume collection of works. – 3-vol. – Almaty: Dauir, Zhibek zholy, 2014] (in Kazakh)
- Babalyquly J., Turdybaev A. (1983) Qyrandar. – Almaty: Qainar, 1983 (in Kazakh) [Babalyquly J., Turdybayev A. (1983) Eagles. – Almaty: Qainar, 1983] (in Kazakh)

- Dal V (1956) Russkij tolkovyj slovar. – Moskva: Gos. izd. inostrannyh i nacionalnyh slovarei, 1956 [Dal V. (1956) Russian explanatory dictionary. – Moscow: St.publish. house of Foreign and National Dictionaries, 1956] (in Russian)
- Drevnetjurkskij slovar (1969) – Leningrad: Nauka, 1969 [Ancient Turkic Dictionary (1969) – Leningrad: Nauka, 1969] (in Russian)
- El auzynan (1988) Qurastyrushylar: Adambaev B., Zharqynbekova T. – Almaty: Zhazushy, 1988. – 320 b. [From the mouth of the country (1988) Compilers: Adambayev B., Zharqynbekova T. – Almaty: Zhazushy, 1988. – 320 p.] (in Kazakh)
- Hinajat B., Isabekov Q. (2007) Sajatshylyq qazaqtyng dasturli angshylygy. – Almaty: Almatykitap, 2007 [Khinayat B., Isabekov K. (2007) Sayatshylyq is traditional hunting of the Kazakh. – Almaty: Almatykitap, 2007] (in Kazakh)
- Zhangiruly Sh. (1986) Alymyr qustar zhoninde. – Gylym zhane oner (Urimzhi).– 1986, №4. [Zhangiruly Sh. (1986) About Alymyr birds // Science and art (Urumqi). – 1986, №4] (in Kazakh)
- Kultegin. Tonykok (2001) – Almaty: Olke, 2001 [Kultegin. Tonykok (2001) – Almaty: Olke, 2001] (in Kazakh)
- Margulan A. (2007) Sajat qustary. – Tangdamaly. 2-tom. – Almaty: Alatau, 2007 [Margulan A. (2007) Birds Of The Hut. – Selective. Volume 2. – Almaty: Alatau, 2007] (in Kazakh)
- Muqanov S. (2002) Halyq murasy: Tarihtyq-jetnografijalyq sholu. – Almaty: Zhazushy, 2002 [Muqanov S. (2002) Folk Heritage: a historical and ethnographic review. – Almaty: Zhazushy, 2002] (in Kazakh)
- Qaidar A. (2014) Gylymdagy gumyr. – T. VI. – Almaty: Sardar, 2014 [Qaidar A. (2014) Life in Science. – T. VI. – Almaty: Sardar, 2014] (in Kazakh)
- Qaidar A. (2013) Qazaqtar ana tili aleminde (jetnolingvistikalıyq sozdik). – II tom. – Qogam. – Almaty: Sardar, 2013 [Qaidar A. (2013) Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary). – Volume II. – Society. – Almaty: Sardar, 2013] (in Kazakh)
- Qazaq tilining tusindirme sozdigi. 10 tomdyq. Zhalpy redakcijasyn basqargan Ysqaqov A. – Almaty: Gylym, 1961 [Explanatory Dictionary of the Kazakh language (1961) in 10 volumes. Head of the general editorial office Isqaqov A. – Almaty: Gylym, 1961] (in Kazakh)
- Radlov V.V. (1905). Opyt slovarja tjurkskih narechij. – Sankt-Peterburg: Tipogr. imper. Akad. nauk, 1905 [Radlov V.V. The experience of the dictionary of Turkic dialects. – St. Petersburg: Typogr. The Empire. Academy of Sciences, 1905] (in Russian)
- Seitimova A.Y, Tuite Y.Y. (2023) Qusbegilik kasibine bailanysty keibir sozderding shygu torkini. – Qaragandy universitetining habarshysy. – Filologija serijasy. – 2023. – № 2 (110) [Seitimova A. I., Tuite E. E. Origin of some words related to the profession of qusbegi. – Bulletin of Karaganda University. – Philology series. – 2023. – № 2 (110)] (in Kazakh)
- Uahatov B. (1993) Altyn bastau. – Almaty: Rauan, 1993 [Uakhatov B. (1993) Golden beginning. – Almaty: Rauan, 1993] (in Kazakh)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 22.12.2023